

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫң
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ТҮРГЫН ҮЙ-
КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ
БАСҚАРМАСЫНЫң ШАРУАШЫЛЫҚ
ЖУРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
«ҚЫЗЫЛОРДА ГАЗ ТАРАТУ ЖҮЙЕСІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСПОРНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
«ҚЫЗЫЛОРДА ГАЗ ТАРАТУ ЖҮЙЕСІ»
УПРАВЛЕНИЯ ЭНЕРГЕТИКИ И
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО
ХОЗЯЙСТВА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҮЙРЫҚ

«07» 06 2023 ж.г.

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 47-Ф

город Кызылорда

**«Об утверждении инструкции
по противодействию коррупции
для работников предприятия»**

На основании приказа руководителя аппарата акима Кызылординской области об утверждении плана работ на 2023 год по реализации базового направления №4 «Предотвращение и противодействие коррупции»,

ПРИКАЗЫВАЮ :

1. Утвердить и принять в работу на 2023 год инструкцию по противодействию коррупции для работников предприятия .
2. После утверждения инструкции по противодействию коррупции для работников предприятия офицеру-комплаенсу ознакомить всех работников предприятия .
3. Контроль за исполнением данного приказа возложить на первого заместителя директора Шауенову А.Р.

Директор

Н.С. Шаухаманов

Согласовано
Юрист

Первый зам.дир-ра

Каримов Т.Б.

Шауенов А.Р.

Зам.директора по экон.вопросам

Исполнитель

Сайлаубекова А.С.

Берік Ә.Н.

Директордың
2023 жылғы 7 маусымдағы
№ 47-П бүйрекімен
«БЕКІТІЛГЕН»

**«Қызылорда газ тарату
жүйесі» коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорынның
қызметкерлеріне арналған
сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл жөніндегі
нұсқаулық**

Мазмұны

1-тарау. Колданылу аясы	3
2-тарау. Глоссарий.....	3
3-тарау. Жалпы ережелер.....	4
4-тарау. Сіздің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы түру туралы шешім қабылдағандағы әрекеттеріңіз	7
5-тарау. Қарауындағылардың сыйбайлас жемқорлық күкірткыштың үшін басшылардың жауапкершілігі	8
6-тарау. Корытынды ережелер	9

1-тaraу. Қолданылу аясы

1. Бұл Нұсқаулық сыйбайлас жемқорлық бағытындағы әрекеттерге анықтама береді, сыйбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай туындаган жағдайда Қызылорда облысының энергетика және түрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу күкірткышындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын жұмыскерлерінің іс-кимыл тәртібін белгілейді.

2. Осы ұжымның барлық құрылымдық болімшелері мен лауазымды тұлғалары міндетті түрде танысып шығып, қолданулары тиіс.

3. Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар ен қажетті бастапқылары болып табылады және олар накты бір жағдайда толық және/немесе шектеулі талаптар ретінде карастырылмауы тиіс.

2-тaraу. Глоссарий

4. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

- **Сыйбайлас жемқорлық** - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында зансыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу.

- **Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл** – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, жолын кесу, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

- **Лауазымды адам** - тұрақты, уакытша немесе арнағы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын немесе мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындағытын адам.

- **Мұдделер қактығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген адамдардың, оларға тенестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы кайшылық,

мұндағы жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына алып келуі мүмкін.

- **Пара – мемлекеттік функцияларды орындауда уәкілеттік берілген адам немесе оған теңестірілген адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам немесе лауазымды адам, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы жеке өзі немесе делдал арқылы алатын ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқықтар немесе мүліктік сипаттағы пайда.**

- **Параны қорқытып алу - адамның пара берушінің немесе ол өкілі болып табылатын адамдардың занды мұдделеріне нұксан келтіруі мүмкін әрекеттер жасау көтерімен параны талап етуі не құқық қорғау мұдделері үшін зиянды салдардың алдын алу мақсатында ол пара беруге мәжбүр болатын жағдайларды қасақана жасауы.**

3-тaraу. Жалпы ережелер

5. Қазақстан Республикасында пара алу және беру әрекеттері занға қайшы және бұл жағдайларда Қылмыстық Кодекспен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс қолданылады.

Егер ақша, өзге мүлік, материалдық қызмет көрсету түріндегі мүліктік пайда лауазымды адамның келісімімен оның туыстары мен жақындарына берілсе немесе егер ол бұған қарсылық білдірмесе және өзінің қызметтік өкілеттігін пара берушінің пайдасына пайдаланса, лауазымды адамның іс-әрекетін пара алу деп саралау керек.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес акшамен, бағалы қағаздармен және өзге де мүлікпен қатар, өтеусіз көрсетілетін, бірақ төлеуге жататын мүліктік сипаттағы пайда (туристік жолдамалар беру, пәтер жөндеу, саяжай салу және т.б.) пара алу және коммерциялық сатып алу нысанасы болуы мүмкін.

Мүліктік сипаттағы пайда деп, атап айтқанда, берілетін мүліктің, жекешелендірілетін объектілердің құнының төмендетілуі, жалдау төлемдерінің, банк несиelerін пайдаланғаны үшін төленетін пайыздық мөлшерлемелердің азайтылуы түсіндіріледі.

6. **Пара алу және пара беру, бір қылмыстық модельдің екі қарама-қарсы жағы, егер пара туралы айтатын болсақ, бұл пара алатын адамның (пара алушы) және оны беретін адамның (пара беруші) бар екенін білдіреді.**

Пара алу – ең күтпіл лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе қорқытып алумен бірге жүретін болса, ол лауазымды адамның занды немесе зансыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар алу мен пайда көруден тұрады.

Пара беру - лауазымды адамды занды немесе зансыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауга көндіруге немесе берушінің пайдасына, оның ішінде жалпы камқорлығы немесе қызмет бабында бетімен кетушілік үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға бағытталған қылмыс.

Пара нысандары келесідей болуы мүмкін:

- заттар, акша, онын ішінде: валюта, банк чектері және бағалы қағаздар, асыл металдар мән тастардан жасалған бүйымдар, автомашиналар, тамақ өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық құралдар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер участелері және басқа да жылжымайтын мүлік;
 - пайда көздеу: емдеу, жөндеу және құрылым жұмыстары, санаторийге және туристік жолдамалар, шетелдік сапарлар, ойын-сауық және басқа да шығындарды ақысыз алу немесе төмендетілген бағамен төлеу.
 - параның бұркемеленген түрі -іс жүзінде жоқ борышты өтеу түріндегі банктік карыз, төмендетілген бағамен сатып алған тауарларды төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, парақорға, оның туыстарына, достарына жалакы төлеу үшін жалған еңбек шарттарын жасасу, жеңілдікпен несие алу, дәрістер, макалалар мен кітаптар үшін қаламақыны негізсіз көтеру, казинодагы "кездейсөк" ұтys, борышты кешіру, жалдау ақысын азайту, кредит бойынша пайыздық мөлшерлемелерді ұлғайту және т.б.
 - Мұдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйым салуларды және талаптарды, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру максатындағы өтініштер туралы жалдауышының (жұмыс берушінің) өкілін хабардар ету міндеттін, сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл максатында белгіленген өзге де міндеттерді сақтау маңызды.
- Айта кететін жайт, кейбір сөздерді, екішты ойлар мен ым-ишарапты айналадағылар пара беру туралы өтініш (тұспал) ретінде қабылдауы мүмкін.

Мұндай екішты ойларға, мысалы, мыналар жатады:

- "Мәселені шешу қыын, бірақ шешүге болады";
- "Күргак қасық ауыз жыртады";
- "Келісіп көрейік";
- "Салмақтыңақ дәлелдер какет";
- "Істің мән-жайын талқылау керек";
- "Ал енді не істейміз?" және т.б.

Ұйымдардың өкілдерімен және азаматтармен, әсіресе олардың пайдасына лауазымды тұлғалардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты белгілі бір тақырыптарды талқылау пара беру туралы өтініш ретінде де қабылдануы мүмкін.

Мұндай тақырыптарға мысал келтірсек:

- жалақының төмен деңгейі және қандай да бір мұқтаждарды өтеуге акша қаражатының жетіспеуі;
- қандай да бір мүлікті сатып алуға, қандай да бір қызметті алуға, туристік сапарға баруға ниет білдіру;
- лауазымды адамның туыстарында жұмыстың болмауы;
- лауазымды адамның балаларының білім беру мекемелеріне түсу жағеттілігі және т.б.

Лауазымды адамнан түсетін белгілі бір ұсыныстар, әсіресе егер олар ұйымдардың өкілдеріне және пайдасы олардың шешімдері мен әрекеттеріне байланысты азаматтарға бағытталған болса, пара беру туралы өтініш ретінде

кабылдануы мүмкін. Бұл мұндай ұсыныстар жақсы ниеттен туындаған және шенеуніктің жеке пайдасына катысы болмаған жағдайда орын алуы ықтимал. Мұндай ұсыныстарға, мысалы, келесілер жатады:

- лауазымды тұлғага және (немесе) оның туыстарына жөнілдік беру;
- анықталған бұзушылықтарды жою, мемлекеттік келісімшарт шенберінде жұмыстарды орындау, қажетті күжаттарды дайындау үшін накты компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалану;
- накты қайырымдылық қорына ақша салу;
- накты спорт командасына колдау көрсету және т.б.

1. Сыбайлас жемқорлық және коммерциялық парага сатып алудың ықтимал жағдайлары, сондай-ақ мінез-құлық қағидалары бойынша ұсынымдар.

Арандату:

Қызмет алу үшін жүгінген азаматтар, бөлімше қызметтің тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар тарапынан ықтимал арандатуларды болдырмау үшін:

- келушілер орналасқан қызметтік үй-жайларды және жеке заттарды (киім, портфель, сөмке және т. б.) қараусыз қалдырмаңыз;
- келуші кеткеннен кейін жұмыс орнынан немесе жеке заттар ішінен қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, өз бетіңізben ешкандай іс-кимыл жасамай, дереу басшылыққа мәлімденіз.

Параны қорқытып алу:

- мейлінше сақ болыңыз, сыпайылық сақтаныз, ешкімге жағынуға тырыспаныз, параны және/немесе коммерциялық параны қабылдаудан үзілдікесілді бас тарту немесе алуға дайын болу ретінде түсіндірілуі мүмкін асығыс мәлімдемелер жасаманыз;
- сізге ұсынылған шарттарды мүқият тындалап, есте сақтаныз (сомалардың мөлшері, тауарлардың атауы және қызметтердің сипаты, параны беру мерзімдері мен тәсілдері, коммерциялық парага сатып алу нысаны, мәселелерді шешу дәйектілігі);
- пара және/немесе коммерциялық парага сатып алу нысанасын беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімеге дейін ауыстыруға тырысып, келесі кездесу үшін Сізге жақсы таныс орынды ұсыныңыз;
- әңгіме барысында бастама көтерменіз, көбірек "қабылдауға тырысыныз", сұхбаттасуышыңың "ашылып сөйлеуіне" мүмкіндік берініз, одан мүмкіндігінше көп ақпарат алыныз;
- пара беруге немесе коммерциялық парага сатып алуға келісім берген жағдайда, Сіздің мәселенізді шешудің кепілдіктері туралы сұраңыз;
- егер Сізде диктофон болса, пара және/немесе коммерциялық парага сатып алу туралы ұсынысты (жасырын) жазып алуға тырысыныз;
- осы факт туралы жоғары тұрган басшылыққа қызметтік жазба түрінде баянданыз;
- дайындалып жатқан қылмыс туралы жазбаша немесе ауызша түрде сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгінініз.

2. Мұдделер қақтығысы:

- мұдделер қақтығысының кез-келген мүмкіндігіне мұқият болыныз;
- мұдделер қақтығысының туындау мүмкіндігіне жол бермеу шараларын қабылдаңыз;
- туындаған мұдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы Сізге белгілі болған сәтте өзініздің тікелей бастығынызға жазбаша нысанда хабарлаңыз;
- тікелей басшының келісімі бойынша туындаған мұдделер қақтығысын еңсеру жөнінде шаралар қабылдаңыз;
- мұдделер қақтығысының тарабы болып табылатын қызметкердің қызметтік жағдайын өзгертініз, тіпті белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуге де болады және (немесе) қызметкер мұдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартуы қажет;
- қызметтік тәртіпті сактау және мұдделер қақтығысын реттеу жөніндегі комиссия күрүлүү тиіс.

Әр адам өз шешімін еркін таңдай алады. Бірақ еркін адам болғанымен, ол қылмыстың жазалануы тиіс екенін түсінбеуі мүмкін емес

4-тaraу. Сіздің сыйбайлар жемқорлықка қарсы тұру туралы шешім қабылдағандарды әрекеттерініз

3. Өз қалауызызben ауызша немесе жазбаша түрде сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүргіне аласыз.

4. Сыйбайлар жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық туралы хабарлау нысандарының бірі жасырын жүргіну болып табылады. Бұл жағдайда өтініш беруші аты-жөнін бүркемелеуге байланысты жауап ала алмайды, ал қылмыс туралы жасырын өтініштің өзі, мұндай өтініште дайындалып жаткан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бар жағдайларды қоспағанда, қылмыстық іс қозғауға себеп бола алмайды.

5. Параны қорқытып алу жағдайында Сізге сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүргіну және параны немесе коммерциялық параны қорқытып алу фактісі туралы төмендегілерді көрсетіп өтініш жазу қажет:

- лауазымды тұлғалардың қайсысы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекеменің атаяу) Сізден қорқытып пара талап етеді немесе коммерциялық құрылымдар өкілдерінің қайсысы Сіздің пара алуға итермелейді;
- қорқытып алынатын параның (параға сатып алу) сомасы мен сипаты қандай;
- накты қандай әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін Сізден пара талап етіледі немесе коммерциялық парага сатып алу жасалады;
- пара беру кай уақытта, кай жерде және қалай жүзеге асырылатын болады немесе коммерциялық парага сатып алу жүзеге асырылатын болады.

5-тaraу. Қарауындағылардың сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін басшылардың жауапкершілігі

6. Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларды күшету мақсатында сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық парага сатып алу және өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған және кінәсі сотта дәлелденген қарамағандылары үшін басшыларға дербес жауапкершілік жүктейтін норма қарастырылған.

Кәсіпорын жұмыскері өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық сатып алу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактілері бойынша қылмыстық қудалау шенберіне тартылған жағдайда, осы жұмыскер ҚР Еңбек кодексіне сәйкес сотка дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезеңінде өзінің лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттетіледі. Бұл жұмыскердің тікелей басшысы жұмыскерді өз міндеттерін орындаудан шеттету үшін тиісті шаралар қабылдауга міндетті.

Тәртіптік жауаптылыққа тарту турлери келесідей:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- еңбек шартын Еңбек кодексінде қарастырылған негіздермен Жұмыс берушінің бастамасымен бұзу.

Басшы өзіне тікелей бағынышты жұмыскерге катысты заңды күшіне енген соттың айыптау үкімі шыққан кезде немесе қылмыстық істі актілмайтын негіздермен (рақымшылық жасау, іс жүзінде өкіну, тараптардың татуласуы және т.б.) тоқтату туралы шешім қабылданған кезде жұмыстан шығуға өтініш беруі тиіс.

Жұмыстан шығу туралы өтініш басшыны лауазымға тагайындаған жауапты адамға беріледі. Жұмыстан шығару және тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау басшыны осы лауазымға тағайындаған тұлғаның құзыретінде болып табылады.

Басшыға жұмысынан кету үшін берілетін мерзім күнтізбелік 10 күнді құрайды.

7. Тікелей бағынышты жұмыскері сыйбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықты жасаған жағдайда басшы осы лауазымға тагайындалған фактісі туралы өз бетімен хабарлаған басшылыққа қолданылмайды.

Бұл ретте жоғарыда көрсетілген жауапкершілік "Сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес тікелей бағынышты адам жасаған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы өз бетімен хабарлаған басшылыққа қолданылмайды.

8. Кәсіпорын жұмыскерінің өз лауазымдық міндеттерін орындауы кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық сатып алу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе кәсіпорын жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін орындауы кезіндегі сыйбайлас

8. Кәсіпорын жұмыскерінің өз лауазымдық міндеттерін орындауы кезінде сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық сатып алу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе кәсіпорын жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін орындауы кезінде сыйайлас жемқорлық, коммерциялық сатып алу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсеткен жұмыскер мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен көтермеленеді.

9. Осы ережелер сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көріну жалған ақпаратты хабарлаған адамдарға қолданылмайды, олар заңға сәйкес жауапты болады.

10. Кәсіпорын жұмыскерлерінің өз лауазымдық міндеттерін орындауы кезінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, коммерциялық сатып алуға және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға жәрдем көрсететін қызметкер туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен ұсынылады. Көрсетілген ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа экеледі.

6 – тарау. Қорытынды ережелер

11. Нұскаулық директор бекіткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткеннен кейін қолданыска енгізіледі.

12. Нұскаулыққа енгізілген өзгерістер/толықтырулар Бас директор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

Әзірлеуші Жаңғариф
Лауазымы

колы

Каримов Т. Б.
тегі, аты-жөні